

Білім беру саласы: «Әлеумет», «Таным», «Шығармашылық»

Бөлімі: «Жаратылыстану», «Қоршаған ортамен танысу», «музыка»,

Тақырыбы: «Физикалық зертхана-тәжірибиелері»

Мақсаты: Балалардың тәжірибие жасай білу біліктіктерін дамы

Балалардың ойлау, есте сақтау, көру, сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, сұрақтарға толық жауап бере білу, сөздік қорларын молайту.

Танымдық тәжірибиесіне қортынды жасай білуге үйрету.

Сөздік жұмыс: зертхана, физика, жылдамдық, заряд, магнит

Көрнекі құралдар: мультимедия, сурет-слайд көріністері, піскен жіне шикі жұмыртқалар ыдыста, түрлі-түсті фламастерлер, шарлар, фальга, қағаз салфеткасы, стакан, су, қалам, қалташық (салафан), үлкен екі тақтайшалар, кубиктер

Билингвалдық компонент: зертхана- лаборатория, су- вода, жұмыртқа – яйцо.

Іс-әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалар залға кіріп келеді, қонақтармен сәлемдеседі. Балаларды «шаттық шеңберіне» шақыру. Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. <i>Балаларға мультимедиядағы слайд көңіл аудартады.</i>	Балалар қазақ орыс, ағылшын тілінде сәлемдеседі.
Ұйымдастыру-іздестіру	- Балалар енді мынау слайдқа көңіл аударайық Сұрақ-жауап - Балалар мынау не сурет? - Жарайсыңдар, ал зертханада кімдер жұмыс істейді? - Ал, ол адамдар қандай мамандық иесі? <i>Зертхана орыс тілінде лаборатория деп аталады.</i> Ендеше балалар, зертханада әр түрлі тәжірибиелер жасайды екен. Айтар болсақ, экологиялық, физикалық зертханалар болады. Ал бүгін біз физикалық зертхана-тәжірибиелерімен таныстырамын. - Физика деген табиғат. - Табиғат нені зерттейді?	Балалар қуана шеңберге тұрып жақсы көңіл-күймен, қонақтарға бас иіп, әдептілігін көрсетеді. - Зертхана - Адамдар - Профессор, ғылымдар, докторлар, білгіштер, зертханашылар Балалар орыс тілінде қайталайды: зертхана-лаборатория

	- Бұл физикадан біз жылдамдықты, күшті, салмақты, электро-зарядты т.б. сияқты тәжірибиелерден білеміз. <i>Балалар тақпақтар физика жөнінде айтады:</i> Ғылымдардың нақтысы, Жалқаулықты сүймейтін, Оңайлықпен бас имейтін Көп оқымасаң миыңа кірмейтін, Жалпылауды білмейтін Пәннің қиын да жақсысы! Физика ғылым болғалы, Пайдасын елге тигізді: Машина, темір арбаны, Алысқа жылдам жүргізді. Ғылымдар ғылымы Заңдары нақты әрі ғұмырлы, Жас досым мұны біз ұғайық. Физика құрметтеуге лайық. Физика – ғажайып әлемі Көп онда қызықтар әдемі, Физика қоршаған жан - жағың, Бәрінен құр босқа қалмағын! Ал, тәжірибие жасау үшін қандай қауіпсіздік ережесін білесіңдер? 	- Табиғатта әр түрлі қозғалыс-құбылыстарды зерттейтін ғылым. - Терең ой крек; - Шыдамдылықта қажет; - Шуламау керек; - Білмейтін заттарды ұстамау керек; - Тәжірибие жасағанда ақ халат кию керек; - Тәжірибие аяғына дейін жеткізу керек; - Бастысы тәжіри-биеден жалықпау қажет; - Иә. - Дайынбыз.
--	---	---

	«Біздің білім туралы білмейтініміз әлі көп». - Ал ендеше білгіш болғыларын келе ме? - Тәжірибие жасауға дайынсындар ма? - Олай болса білгіш достарым ақ халатты киіп тәжірибие жасауға кіріселік.. 1. Тәжірибие. «Піскен бе әлде шик ме?» Балалар ыдыста екі жұмыртқа тұр. Осы жұмыртқаның піскен бе немесе шикі ме ажыратып беріндерші. Балалар екі қолына алып көреді. - Жарайсындар, олай болса піскен жұмыртқаны оң қолға, ал шикіні сол қолға ұстап, оң қолдағы жұмыртқаны үстел үстіне жарып көрелік. Жұмыртқа- яйца деп орыс тілінде айтылады 2. Тәжірибие. «Кемпірқосақ жасайық» . балалар сумен фламастер арқылы кемпірқосақ жасаймыз. Ол үшін салфетканы алып фламастермен нүктелер жасаймыз. Салфетканың бір бұрышын ыдыстағы суға саламыз, екінші бұрышын ыдыстың сыртында тұру керек. Кемпірқосақ болу үшін 1-ден 10-ға дейін санайық. Құрғақ жағынан ұстап маған көрсетіндер. - Қалай ойлайсындар кемпірқосақ қалай пайда болды? Су-Вода орыс тілінен қайталайды. Сергіту сәті Музыканың сүйемелдеумен «білгіштер» әніне сәйкес қимыл-қозғалыстар жасайды. 3. Тәжірибие. «Магниті шарлар». Шағын үрленген шарды қолымызға алып, басымыздағы шаштарымызға үйкеп, сосын салфеткаға апарамыз, осы кезде шар салфеткаға жабыса бастағанын көреміз.	Балалар ақ халаттарын киіп зертханаға барады. Балалар қолдарына алып салмағынан біледі, және жұмырт-қаны құлағына апарып пайқалғанынан біледі. Балалар піскен жұмыртқаны табады. Балалар жұмыртқа-ййца деп қайталайды. Суға салдық, фламас-терді пайдаландық, салфетка бойына суды тез сіңіріп алды, содан кемпір-қосақ пайда болды. Су-Вода орыс тілінен қайталайды Өлең жолдарын қайталап, сергіп, көңіл көтереді. Шарды басымыға үйкегенде электро –заряд пайда болады.
--	---	---

	Ал енді басымызға қайтадан үйкеп фальга қағаздың қиындысына жақындатсақ «билей» бастайды. - Қалай ойлайсындар қалай пайда болды?  4. Тәжірибие. «Сиқырлы қалам» балалар бос қалташыққа (салафан пакет) су толтырып қаламмен екі жағынан тесіп көреді. Сонда қалташықтан су төгілмейді. - Балалар бұл неге төгілмеді? 5- Тәжірибие. «Қайсы жылдам?» екі тақтай үстінен кубикті сырғанатады. Бірінші тақтайша тегіс болады, ал екінші тақтайшады мата оралған. - Балалар қай тақтайшадан жылдам кубик түседі және де неліктен жай түсті?	Өйткені қалташықта ауа қысымы жоқ болғандықтан. Ал қаламды алсақ тесік болып ауа кіреді. Бірінші тақтайша тегіс болғандықтан, екінші кедергі болып тұрғандықтан жай түсті.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балаларды шеңберге шақырып, біздің зертханалық тәжірибиеміз аяқталды. - Маған бүгін сендер зертханада тәжірибие жасағандарын ұнады, ал сендерге ұнады ма несімен ұнады? Балалар сендерге рақмет, сол үшін сендерге сиқырлы шарлар сыйлаймын, ал сиқырлы шарларды қонақтарға үрлеп жіберейік, қонақтарымыз ұстай ала ма екен?	Балалар өз ойларын, өз пікірлерін қорыта келе сыйқырлы шарларды үрлеп қонақтарға ұшырады. . қонақтармен жақсы көңіл күйде қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар зертханалық тәжірибие жұмыстарын жасай біледі.

Игереді: Ойлау, есте сақтау, сезіну қабілеттілігін сезінеді, сұрақтарға толық жауап бере алады.

Меңгереді: Танымдық тәжірибиелерді аяғын дейін жеткізіп, қорытынды жасай алады.

